



Мұнайшы

Газет 2009 жылдың
01-мамырынан
шығады



www.mmg.kz

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№12 (87), желтоқсан, 2016 жыл

ӨЛКЕ

Құттықтаймыз

Указ Президента Республики Казахстан О награждении государственными наградами Республики Казахстан

За заслуги в государственной и общественной деятельности, значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны, укрепление дружбы и сотрудничества между народами

Орден «Еңбек данық»
III степени:
Амангелди Таспаев
оператор ЦДНГ-1
ПУ «Жетыбаймұнайгаз»
АО «Маңғыстаумұнайгаз»;

Орден «Еңбек данық»
III степени:
Ибрай Куттибаев
оператор ЦДНГ-1
ПУ «Жетыбаймұнайгаз»
АО «Маңғыстаумұнайгаз» ;

Медалью
«Ерен еңбегі үшін»:
Жетыбай Тулгожаев
заместитель Генерального директора
по административным вопросам
АО «Маңғыстаумұнайгаз»;

Почетной грамотой:
Жумажан Алағозов
оператор ППД ЦППД
ПУ «Жетыбаймұнайгаз»
АО «Маңғыстаумұнайгаз».

Президент
Республики
Казахстан **Н.Назарбаев**

Астана, Ақорда,
5 декабря 2016 года



Құрметті мұнайшылар!

Санаулы күндерден кейін жаңа 2017 жылға - Тауық жылына аяқ басқалы тұрмыз. Ескі жыл есіркеп, жаңа жыл жарылқағай!

“Бүгінгі күн-ертеңгі тарих” демекші, 2016 жыл да қас-қағым сәттей боп, зырғып өте шықты. Адамзат тарихына саналуан қарамақайшылықты оқиғаларымен жылнама жазғаны мәлім. Әлемді билеген дағдарыс, шикізат нарығының құлдырауы ел экономикасына салқынын тигізбей қоймады. Әйтсе де, Елбасының салиқалы саясатының, халқымызға тән сабырлық пен еңбекқорлықтың арқасында айдан аман, жылдан есен келеміз. Аспанымыз ашық, іргеміз тыныш, ынтымаққа ұйып отырған жайымыз бар. Басты жетістік осы емес пе?

2016-жыл - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін тарихи жыл болып уақыт қойнауына енді. Қазақ елі Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мұнай өндірісіндегі биік табыстарымызбен айшықтадық. Маңғыстаудағы алғашқы мұнай бұрқағының 55 жылдығы мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығына орай мұнайдың тарихын жаңғырттық, атақты мұнайшылардың ерлікке толы еңбек жолын насихаттадық, аға ұрпақтың аманатына лайық жаңа буынның өсіп келе жатқанына ризашылықпен жаңа жылдың табылдырығынан атпағалы отырмыз. Мұнай өндірудің жылдың жоспары орындалып, 6 млн. 285 мың тонна мұнай ел байлығын еселеді. Өтіп бара жатқан жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Сала үздігі» атануы бірлігі жарасқан ұжымның, қадірлі

мұнайшылар, Өздеріңіздің қажырлы еңбегіңізбен келген жеңіс. Сондай-ақ компанияның әлеуметтік саясатының игі нәтижесі - ұжымдық шартқа қол қойылды. Демек, “бұл жыл, біз үшін табысты жыл болды!”, - деп нық сеніммен айтуға болады, ал келер жыл бұдан да жарқын болады деп сенеміз.

Жаңа 2017-жылдың өз межесі бар. Өндіріске жаңа технологияларды енгізу жұмыстары онан әрі жалғасады, уақыт талабына сай жаңа жобалар жүзеге асады. Келесі жылы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының тарихында алғаш рет «қара алтын» өндіру қарқынын 6 млн. 350 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Құрметті мұнайшылар, баршаңызды келе жатқан 2017 - Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болып, әрдайым да жасампаз еңбектің жарқын үлгісін көрсетіп, Тәуелсіз Қазақ елінің қарыштап дамуы үшін қажырлы үлестеріңізді қоса беріңіздер! Әрбір мұнайшының шаңырағында ырыс-несібе мол болсын!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Басқармасы

Бас директор **Бақыт Иманбаев**

Бас директордың бірінші орынбасары **Пәй Цзяньшэн**



Компания тынысы

ЖЕТІСТІКKE ТОЛЫ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығы мерекесіне орай компания қызметкерлері мен жас мамандарының ұйымдастыруымен қоғам қызметкерлері арасындағы мини-футболдан жарыс, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25-жылдығына Ақбота паркінде ағаштар отырғызу, компания қызметкерлері арасында Брейи-ринг ойыны секілді көптеген мерекелік шаралар атқарылды. Бұл шаралар «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас кеңсесінде және «Қаламқасмұнайгаз», «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларында ерен еңбегімен елеген мұнайшылар марапатталып, құрмет пен ыстық ықыласқа бөленген салтанатты жиындармен жалғасты.



«Манғыстаумұнайгаз» АҚ 13-ші желтоқсан күні өткізілген салтанатты жиынға мұнай-газ кешенінің басшылары, осы салаға еңбегі сіңген ардагерлер, мұнайшылар мен қызметкерлер қатысты. «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев көпшілікті ел тарихындағы мерейлі мерекені құттықтап, ақарма тілегін жеткізді.

— Құрметті мұнайшылар, қадірлі әріптестер! Сіздерді Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінде «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының еліміздің егемендігін нығайтуға қосқан үлесін мақтанышымен айта аламыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық ауыр жағдайларды еңсеріп білдік. Кен орындарында мұнай өндіру көлемі жылдан жылға артып келеді.

Мәселен, компаниямыз 2009 жылы 5 млн.711 мың 827 тонна мұнай өндірген болса, үстіміздегі жылы «қара алтын» өндіру жоспары 6 млн. 285 мың тоннаны құрап отыр. Бұл жоспарды да артығымен орындайтынмызға сенімдіміз. Қадірлі мұнайшылар! Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына осындай еңбек тартуымен жеттік. Компания әлеуметтік саясаты аясында облыс тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсартуға көп көңіл бөлді. Өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын дамытуда да біраз ауқымды шаралар атқарылды. Жалпы айтқанда, соңғы жылдары құны 7 млрд. теңгеден астам қаржы болатын әлеуметтік жоба жүзеге асты. Құрметті әріптестер! Сіздердің қажырлы еңбектеріңізге

алғысымды айта отырып, жанұяларыңызға бақ-береке, дендеріңізге саулық тілеймін. Бірлігіміз бекем, Тәуелсіздігіміздің тұңғыры биік болғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!», — делі компания бас директоры Бақыт Алтайұлы.

Құттықтау тілекті жалғаса «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн жиыған қауымды мерейлі мерекені құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

Бұл жиында «Қаламқас-мұнайгаз», «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында және серіктес компанияларда ел ырызығын еселеуде жемісті еңбек еткен бірқатар еңбек адамдарына Манғыстау облысы әкімінің, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ Алғыс хаты мен Құрмет грамотасы табысталды. Сондай-ақ компания қабырғасында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай өткен «Ұлттық



киім - ұлт ажары» байқауында ұлттық нақышта киініп, жұмыс бөлмелерін безендірген департаменттер марапатталды. Аталмыш сайыста 1-орынды қаржы департаменті иеленіп, бизнесі жоспарлау және экономикалық талдау департаменті 2-орынды, ақпараттық технологиялар департаменті 3-орынды иеленді. Ынталандыру сыйлықтары әкімшілік мәселелер,



адам ресурстарын басқару және әлеуметтік мәселелер, қауіпсіздік техникасы, еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаменттеріне және медициналық-санитарлық бөлім қызметкерлеріне берілді.

Салтанатты жиында «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі

Айдынов, облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Қайрат Жанабеков және өзге де қызмет көрсететін серіктестіктердің басшылары құттықтау сөз сөйледі. Салтанатты шарада зейнеткер мұнайшылар ҚР Энергетика министрлігінің және Кәсіподақ федерациясының «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін», «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар белсенді әрі жемісті еңбектің үлгісін көрсеткен бірқатар мұнайшыға Кәсіподақ атынан Алғыс хат табысталды.

Салтанатты шара соңында жан-жақты талқылаудан өтіп, алынып тасталған тармақтар қайтадан енгізіліп, кейбір тармақтар бойынша төлемдердің көлемі екі есеге дейін ұлғайтылған 2016-2019 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды.

Жетібай, Қаламқас кен орындарында өткен салтанатты жиындарда да компания басшылары мен жергілікті әкімдіктер өкілдерінің құттықтау сөздері мен ақарма тілдері айтылды. Әр жылдары жемісті еңбек етіп, толымды табысқа жеткен мұнайшылар марапатталды. Мұнайшы өнерпаздар әсем әннен шапшап, күмбірлетіп күй тартып, әріптестеріне әсем мерекелік концертті тарту етті.

вице-президенті Серік Әбденов мұнайшыларды ел Тәуелсіздігі мерекесімен құттықтап екінді еңбек етіп жүрген мұнайшыларға «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасын, естелік белгісін табыстады.

Жиында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің» төрағасы Талғат

ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесі қарсаңында, «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс беруші мен еңбек ұжымы арасындағы еңбек және әлеуметтік кепілдіктерді сақтауды қамтамасыз ету және ұйым қызметінің жұмысына қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында жасасқан Ұжымдық шартқа қол қою рәсімі өткізілді.

Ұжымдық шартты жасасақтан жөніндегі комиссия мүшелері арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде бұл құжатта 2013 жылы қабылданған ұжымдық шарттың негізгі жағдайларын сақтау жөнінде шешім қабылданды. Бұған қоса 2015 жылғы 19 қаңтардағы комиссия мүшелері отырысының №2 хаттамасына сәйкес жұмыс беруші мен еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарттан алынып тасталған кейбір тармақтар 2016 жылғы ұжымдық шартқа қайтадан енгізілді.

Жаңа ұжымдық шартқа сәйкес қоғам қызметкерлеріне, 2013 жылғы Ұжымдық шартта қарастырылғанымен 2015-2016 жылдары әлемдік мұнай нарығында қалыптасқан күрделі жағдайларға орай төлеу мүмкіндігі болмаған, заңды некеге отырағаны үшін 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде



төленетін материалдық жәрдем, белгілі бір жасқа жеткен және компаниядағы еңбек өтілі 5 жылдан асқан қызметкерлерге, оның ішінде әйел адамдарға 50, 55 жасқа толғанда, ал ер адамдарға 50, 60 жасқа толғанда 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленетін материалдық жәрдем, зейнеткерлік жасақ жетуіне байланысты еңбек қатынастары шарты бұзылған мұнай-газ саласындағы еңбек өтілі 5 жылдан асқан еңбек өтілі бар қызметкерлерге 1 лауазымдық айлық жалақысы (тарифтік мөлшерлемесі) көлеміндегі бір жолғы төлем, Ауған соғысына қатысушыларға, Семей

полигонынан зардап шеккен қызметкерлерге 7 мамыр - Отан қорғаушылары күніне орай 60 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленетін материалдық жәрдем, Қоғам қызметкерлерінің балаларын мектепке дейінгі балалар мемлекеттік мекемелерінде тәрбиелеуге өтемақы төлеу көзделген.

Компания қызметкерлерін оқу орындарында оқытуға төленетін төлемдер 2013 жылғы ұжымдық шартта 53,5 млн. теңге көлемінде қарастырылған болса, жаңа ұжымдық шартта көлемі екі есеге ұлғайтылып жалпы сомасы 107 млн. теңгені құрады. Отбасыларында 4 және одан да көп

балалары бар компания қызметкерлеріне берілетін бір жолғы төлем 100 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды. Бұл төлем 2015-2016 жылдары 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленіп келген болатын. Компания қызметкерлеріне балалы болғанда төленетін бір жолғы төлем көлемі 50 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды. Ол 2013 жылғы Ұжымдық шартта 35 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қарастырылған болатын.

Сонымен қатар, компания қызметкерлерінің отбасыларына жаңа оқу жылына қажетті керек-жарактарын сатып алуға төленетін әлеуметтік көмектің көлемі 15 000 теңгеден 25 000 теңгеге дейін ұлғайтылды.

Шарттағы тағы бір жаңалық - компания қызметкерлеріне сыйақыны ай сайынғы негізде төлеу туралы шешім қабылданды.

Жаңа ұжымдық шарт мұнайшылардың әр түрлі әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған шығындарды жылдан жылға өсіп келе жатқандығының көрсеткіші. Осы бағытта үстіміздегі жылы компания 600 млн. 264 мың теңге қаржы құйған болса, енді жаңа ұжымдық шартқа сәйкес жыл сайын 383 млн. 800 мың теңге көлемінде қосымша қаржы жұмсалып отыратыны болды.

2016-2019 жылдарға арналған «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс беруші мен еңбек ұжымы арасындағы Ұжымдық шарт - компаниядағы әлеуметтік саясаттың нәтижесі.

С.Галиуллин

ҰЙЫМДАСҚАН ҰТАДЫ



«Төртеу түтел болса, төбелегі келеді» деген даналық бар. «Төртеудің» желтоқсанында, сіре, ауызбіршілік, татулық, келісім, ынтымақ сияқты қарапайым адами қасиеттер жатқандығына ешкім күман келтіре қоймас. Өйткені ырыстың ынтымақтан басталуы, бірліктің берекеге жол ашуы соның бірден-бір дәлелі.

«Ұйымдасқан ұтады» демекші, ұжым арасындағы ынтымақтастығымызды беки түсу мақсатында желтоқсанның 13 күні Компания қызметкерлері арасында ұлттық құндылықты, ширек ғасырлық тәуелсіз тарихымыз бен жеткен жетістіктерімізді дәріп-теуге бағытталған «Ұлттық киім – ұлт ажары» деген тақырыпта Ұлттық киім күні жарияланған болатын. Күн аясында департаментаралық байқау өтті. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған шараның басты талабы – бұл күні қызметкерлер ұлттық нақыштағы киімде болып, департаментке қарасты бір кабинетті тәуелсіздік тақырыбында безендіру болатын.

Қарала таннан жұмыс қайнап жатса да қо етек көйлек пен қинама бел камзол, бұрымда бұлғақтаған шашбау, келістіріп салған орналы ажарын ашқан қыз-келіншектер, қазақы оюы айшықталған шапанды қауысра киген сымбатты жігіттер салтанатқа қатынап келіп, бәрімізге

атаның салтын, ананың тілін сақтап қалған қазақ ауылына түскендей сезімде болдық. Бөлменің төріне тігілген киіз үйдің керегесі, төселген оюлы киіз, жұқаяқ, сандық, текеметтер, шашбау шылдырлап шашағы жерге төгілген орнамады қыз-келіншектердің ұсынған ағарғаны мен ұлттық мәзіріміз сол бір әсерімізді еселей түсті. Ауа толтырылған шарларға ілініп, төбеле жейі қалықтап тұрған 25 жылдықтың басты оқиғалары кескінделген фотосуреттер, Тәуелсіздіктің құрдасы Нұрсұлтан



мереке алды көңіл-күй сыйлағаны рас.

Мезелі күні Басқарма мүшелері Бақыт Алтайұлы Иманбаев пен Пәй Цзиньшэн мырза, барлық орынбасарларымен, Талғат Айдынов бастаған бағалау комиссиясы кабинеттерді аралап, қатысушы департаменттердің дайындығын сынауға шықты. «Департаменттер қандай ма, қолдамайды ма?» деген үміті мен күдігі қатар жүріп жарияланған сайыс барысы біз күткеннен де асып түсті. Ең бірінші болып бет алған бюджетті жоспарлау және экономикалық талдау департаментіне қарасты кабинет табалдырғынан аттағанда Әбіш ағамның шығармаларында суреттелетін ақшаңқан киіз үйлер тігілген

атты маманның мерекелік шарыны жүргізуі өз алдына бәлек мақаланың арқауы... Қысқаса бақылаушылар бұл бөлмеден толық 5 деген бағаммен шықты.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, барған сайын баға қою да, жеңімпазды таңдау да қиындай түсті. Ұжымдық татулығымыздың, бірлігіміздің белгісі болар, шараға қатысқан департаменттердің қай-қайсысында кем болса, бірінен бірі асып түсіп, еріксіз таң калдырды. Бірі ағарғанмен күте, бірі шашу шашып, әзімен-жырмен қарсы алды. Енді бірі буы бұрқыраған еті мен қазысын, жал-жасын ұсына, екіншісі «жана сойған талдың еті еді» деп нағыз түсіне кіретін қызыл қуырдақпен сыйлап жатты. Бәрін айт та, бірін



айт. Мұнай компаниясының ресми кеңсесінен ағаш үйдің шаңырағының астында отырып, қазақы дәмнен татамыз деп кім ойлаған?

Дайындықтың деңгейі сол – ұлттаралық келісім тақырыбы да назардан тыс қалмаған. Ұжымдағы жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір түрлі ұлт өкілдері өз ұлттық киімдерін киіп, ұлттық тағамдарын тартып, шараның салтанатын арттырды. Бір дастарханның басында түрлі мәдениет пен түрлі өмір салты қолөйдоскоп секілді өзара жарасым тауып, біте қайнасып жатты. Іс қағаздарын жүргізу бөлімінде Любовь Александровна Ким мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайтынын, Тәуелсіздік ұғымының қадір-қасиетін жеткізді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «Бейбітшілік пен келісім біздің көпқұтты үйіміз - Қазақстанның ең басты байлығы». Біз осы болмысымызбен бақыттымыз, біздің басты байлығымыз – сыйластық пен достық екендігіне тағы бас ідік.

Шараның қорытындысы ұжымның Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған салтанатты жиналысында жарияланды. Сонымен, бағалау комиссиясының бірауызды шешімі бойынша үшінші орын автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және

байланыс департаментіне, екінші орын бюджетті жоспарлау және экономикалық талдау департаменті ұжымына бұйырса, бірінші орынды қаржы департаментінің қызметкерлері иеленді. Олардың әр қайсысына сәйкесінше 70 000, 50 000 және 30 000 теңге қаржылай сыйақы үлестірілсе, байқауға қатысқан қалған 5 ұжымға 20 000 теңге көлемінде ынталандыру сыйлықтары табыстанды. Жұлделерін алуға шыққан ұлттық киімдегі әріптестеріміздің өз ұжымымен мінбеге қатар түзеп шығып, келіншектердің залға жиналған халыққа сәлем салғаны қандай келісті!

Сайыстың жеңімпазын анықтау барысында бірмен бірі құйрық-жалын тістеп, мөреге қатар жеткен шабаңдоға бөйге бергендей жағдай болғанына куә болғанымыз рас. Ең бастысы, Тәуелсіздігіміздің құрметіне арналған шарада ұйымдасқанның арқасында ұжымдық сезім, татулық, бірлігіміз бекем бола түсті, бір-бірімізді одан ары тани түстік, бір-бірімізге жақын болдық деп қана айта аламыз. Бюджетті жоспарлау және экономикалық талдау департаменті ұжымының өз жұлдесін ауыр науас сәби Дарина Сейталиеваны есебіне аударуы да кісілік пен қайырымдылықтың үлгісі. «Ұйымдасқан ұтады» деген осы болар. Оманда, бірлігіміз жарассын, мереке құттың ала келің!

Г.Әбісәдік

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ

"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының Ел Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған салтанатты жиыны еліміздің түкпір-түкпірінде мұнай кәсіпшіліктерінде еңбек етіп жүрген мұнайшы жастардың есілде ұзақ сакталары сөзсіз. Астана төріндегі әріптестерінің алдында олар орындаған әсем ән, жалынды жыр, күмбірлеген домбыра үні ешкімді де бейжай қалдырмағаны туралы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнайшысы Райымбек Түзелов бізбен әсерін бйлай білді:

- Мұнаның басында бейкам жүрген біз сияқты мұнайшы-жастардың күндердің бір күнінде Астананың әсем сахнасында тұрып ән шырақ, жыр оқу ойымызға кіріп-шықпағаны рас. Ақтөбе қаласындағы жастар форумына қатысушылар үшін мұнайшы жастардың өз күшімен дайындаған өнер кеші бізді Астана төрінен бір шығаралы деп кім ойлаған?! Бұл орайда "ҚазМұнайГаз" ҰҚ АҚ адами ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденовке шексіз ризамыз. Табиғаттан дарыған өнері бар талай дарынның тірліктің қамытына жетіліп, өндірістігі қым-қуат жұмыстың тасынанда қалғаны да білеміз. Біздің өнерімізді танып, сахнаға алып шыққан Серік Сақбалдыұлы жігерімізді жаңып, намысымызды қайрады десе болады. Астана қайда, біреу қайда... алғашында Ақордаға барсаңдар мен дегенде, тартынғанымыз да, сенбегеніміз де рас. Нөбір майталмандар жиналған, астана көрген әртістерді көрген кірпіз орта май мұнайшының әлеуалайына зору дейсің бе деген ой болды...

Армандарын аркалап, артынып-тартынып жеткен өнерпаздарға Астана шабарының қытымыр қысы, аязды желтоқсаны бәлендей әсер етпеді. Май сінген шекпенін бір сәт көздің жауын алатын сахналық костюмге айырбастан мұнайшылардың өртенгі күнге деген сенімін

нықтап, тұғырлы тұлғары Тәуелсіздігімізге деген таубасын тарқатты. "ҚазМұнайГаз" сахнасы Арғы шеті Павлодар бергі шеті Маңғыстау мен Атыраудан келген өнерпаздарға толды. Ақтөбелегі аз күнде бауыр басып қалған достарымызбен ыстық қауышып жатырмыз. Жүрегі жарылардай боп жүрген жастардан көз сүрінді. Көңілің кенді.

Жарық көлегейленіп, «Тәуелсіздік толғауын» тебірене бастап кеттік. Айбек бастап шығып, бірінен соң бірі жалғастырып алып кеткен менің әріптестерім Еділ мен Нұржан, «Өзенмұнайсервістің» Дәулет, қаражамбастық Жомарттың жүрегін төгілген жырды зал дәдерің ішіне алып отырып тындап отырды. Жырдың шарықтау шегі – Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі! «Маңғыстауыңермоңғай» мұнайшысы Әлмембет тоқсан «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» деп жігермен бастап келіп, соңғы шумакта

Мен сенемін жастарға, Алаш атын аспанға, Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін! деп, барлығымыз бір дауыста аяқтағанымызда көрермендердің шапалағаннан залдың қабырғасы жарылғандай болды...

Концерт финалы. «ОКК» қызметкері Әсет Нұрсөбеповтың орындауындағы Н.Тілендиевтің «Өз елім» әні бүкіл



көрермендерді аяғынан тік тұрғызып, өнер кеші жоғары нотада аяқталды.

Ду қошапте үстінде жастардың алдына шыққан "ҚазМұнайГаз" ҰҚ АҚ Басқарма төрағасы С.Мынбаев мұнайшы өнерпаз жастарға деген шексіз ризашылығын айтып, ұлттық компания атынан қолөйдоскоп секілді өзара жарасым тауып, біте қайнасып жатты. Бұған қоса, болашақта бұл үрлістің үзілмейтіндігін, жыл сайын өтетін дәстүрлі шара ретінде қолға алынатынын атап өтті. Жастар да қарап қалған жоқ, өз тарапынан ұлттық компания башыларына алғыстарымызды жеткіздік. Тіпті арқалы ақынмыз Дәулет суырып салып, өлеңін де төгіп жіберді!

Санаулы сағатқа сыйдырған концерттің дүбірлі әлі жанымызды жаңғыртып жүр. Айттып тауыса алмайтын кештің әсері мұнайшы жастардың жадында. Осы жылдың

көктемінде Қаламқастың спорт залындағы фойеде басталған домбыра кеші алып шабардағы үлкен концертке ұласатыны Еділ кеуеміздің үш ұйықтасас түсімізге кірсе, қане! Өнерді серік еткен жастар ауыл-аймақ, өскен-өлкенің, тіптен атақұлдік Маңғыстаудың, "Маңғыстаумұнайгаздың" мерейін үстем еттік.

"Елге болсын" дейтін жігіттердің ниеттеріне жүрек жібіді. Армандар орындалады деген осы.

Қаламқастаң қазына іздеп, бала-шаға, от басынан жырақта етіңгілің еселеп, аянбай еңбек етіп жүрген жүрген құршы қол мұнайшылардың жұлдызы жарқыраған, мерейі тасыған күндері көп бола бергей!

Сұхбаттасқан Жанат Кемал



2016: СОБЫТИЯ, ФАКТЫ, КОММЕНТАРИИ..



16.03.2016 г. Торжественные проводы работников АО «Мангистаумунайгаз» на заслуженный отдых



14.12.2016 г. Под сводами Дворца спорта на Месторождении Каламкас звучит Гимн Республики Казахстан, Нефтяники АО «Мангистаумунайгаз» широко отметили 25-летие Независимости страны.



13.02.2016 г. Подписан новый Коллективный договор АО «Мангистаумунайгаз» на 2016-2019 гг.



06.05.2016 г. Трудовой коллектив АО «Мангистаумунайгаз» почтит память ветеранов ВОВ



08.09.2016 г. Торжественная церемония открытия музея Трудовой славы на месторождении Жатыбай



26.08.2016 г. в ДОО «Алау» в рамках летнего познавательного молодежного лагеря проведен II Форум молодых нефтяников, в котором приняли участие представители Советов молодых специалистов 18 предприятий группы компаний АО «КазМунайГаз»



21.05.2016 г. Команда АО «Мангистаумунайгаз» – бронзовый призер игры «Жайдарман» на Кубок председателя центра профсоюзов Мангистауской области



9-11 октября 2016 г. на призывный объект АО НК «КазМунайГаз» (КМГ) проведен финальный этап конкурса профессионального мастерства «Лучший по профессии - 2016» среди работников группы компаний КМГ



29.09.2016 г. в Алматы прошла XXVIII международная церемония награждения лидеров экономики Казахстана в области спартакиады (Союз) национальных бизнес-райтингов, на которой АО «Мангистаумунайгаз» был присвоен статус «Лидер отрасли»



03.09.2016 г. Открытие мемориальной доски почета видному государственному деятелю РК Нурлану Балгимбаеву



18-19 июня 2016 г. Визит группы специалистов публичного государственного предприятия «Латифет» АО «Мангистаумунайгаз»




25.07.2016 г. Участники летней спартакиады среди групп компаний АО НК «КазМунайГаз» посетили День работников нефтяного комплекса РК



20.03.2016 г. состоялась Выбора депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов РК. На выборах проголосовало 99 112 работников АО «Мангистаумунайгаз»



02.06.2016 г. открытие сезона отдыха детей в ДОО «Алау». В 2016 году около 2000 детей работников Общества отдохнули в ДОО «Алау»



07.12.2016 г. АО «Мангистаумунайгаз» – победитель в номинации «Лучшее предприятие по адаптации молодежи» в рамках областного конкурса «Лучшее предприятие по работе с молодежью»

Жыл жетістіктері

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Бүгінде «Нұр Отан» партиясы Манғыстау облыстық филиалының құрамында 161 бастауыш партия ұйымдары бар. Бұл ұйымдарда 31310 партия мүшелері тіркелген. Өлкеміздегі осынау іргелі аумақтық партия ұйымы үстемдізге жылдың қазан-қараша айларында өзінің бастауыш партия ұйымдарының арасында «Үздік бастауыш партия ұйымы» атты республикалық конкурстың іріктеу кезеңін өткізіп, үздіктерін анықтады.



Үш кезеңнен тұратын бұл байқау «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бастауыш партия ұйымы да қатысты.

Байқаудың басты мақсаты – үздік бастауыш партия ұйымдарын анықтау, барлық жұмыс тәжірибесін еліміздің барлық өңірлеріне тарату, партиялық кадрлар резервін толықтыруға партиялық және сайланбалы қызметтерге ұсыну мақсатында білікті және белсенді бастауыш партия ұйымдары тарағаларының партиялық кадрлардың резервін қалыптастыру болды.

Конкурста қатысқан бастауыш партия ұйымдары партиялық жобаларды іске асыруға қатысу, ішкі партиялық жұмыс, партиялық жұмыста жаңа әдістерді пайдалану, азаматтық бастамаларды іске асыру, бастауыш партия ұйымы қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау критерийлерімен күш сынасты.

Конкурстың бірінші кезеңі қазан айында «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалы деңгейінде өткізілді. Бұл кезеңде біздің бастауыш партия ұйымымыз жүлделі бірінші орынды иеленді, ал қараша айында «Нұр Отан» партиясы Манғыстау облыстық филиалы деңгейінде өткізілген сайыста, құрамында 500 және одан да астам партия мүшесі бар бастауыш партия ұйымдары арасында, жүлделі екінші орынды жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығы қарсаңында, топ жарып жүзде алған әріптестерімізге биік тұғырлардан көріне берулеріне тілектестігімізді білдіреміз.

ТРУД ВО БЛАГО СТРАНЫ

В Департаменте государственных доходов по Мангыстауской области прошла торжественная церемония награждения победителей ежегодного конкурса «Лучший налогоплательщик» и «Лучший участник внешне-экономической деятельности».

Конкурс проводился по инициативе Комитета государственных доходов Министерства Финансов РК.

Главная задача конкурса - формирование налогового правосознания и поощрения добросовестных налогоплательщиков. Налоги - это форма участия граждан в управлении государством. Правильно и своевременно выплачивая налоги, налогоплательщики формируют тем самым общественные финансовые ресурсы, создают богатство общества, управляют которым доверено органам государства.

Отбор номинантов осуществлялся по категориям налогоплательщиков на основании критериев по достигнутому росту поступлений налогов, уровню налоговой нагрузки, исполнению платежной дисциплины и отсутствия фактов нарушений налогового и таможенного законодательства.

Отрадно отметить, что победителем ежегодного конкурса в номинации «Лучший



участник внешнеэкономической деятельности» (ВЭД) стало АО «Манғыстаумұнайгаз»!

- Данная награда является результатом грамотного и эффективного управления компанией, - сказал директор департамента маркетинга и сбыта нефти Бекболат Атчибаев. - Благодаря слаженной работе коллектива АО «Манғыстаумұнайгаз», удалось достичь впечатляющих успехов в непростое экономическое время.

Необходимо отметить, что победители конкурса также будут участвовать на республиканском конкурсе среди налогоплательщиков и участников ВЭД республики.

“ҚАЛАМҚАС” - ЖЕҢІМПАЗ

"Манғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының ақт залында "Брейн-ринг" зияткерлік сайысының жылдық қорытынды туры өтті. Ойыншылардың ойлау қабілетін, сөйлеу дағдысын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге машықтандыру, ізденушілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған сайысқа жыл бойы жүлденің алдын бермеген Қаламқас құрамасы, Жетібай және Бас кенсе аппаратынан жасақталған команда қатысты.



Сайыстың басты мақсаты Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеудің мәні мен тарихи мазмұнын ашу, мұнайшыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу болатын. Сайысқа қатысушылар еліміздің өткені мен бүгіні, 25 жылда қол жеткізген жетістігіміз туралы сұрақтарға мүдірмей жауап

шыққандарға сый-сияпат үлестірілді.

Сонымен, 3 кезең бойынша ұнай айырмасымен айқын басымдық көрсеткен Қаламқас құрамасы зияткерлік сайыстың ауыспалы кубогы және 90 мың қаржылай сыйлыққа ие болды. Жүлделі 2-орын Бас кенсе аппаратынан құралған командаға бұйырды. 3-орынды Жетібай құрамасы жеңіп алды.



беріп, әр кезең сайын ұнай айырмасын еселеуге күш салды. Логиқалық сұрақтарға жауап беруде Бас кенсе аппаратының командасы шашандылығымен көзге түсті. Бұдан өзге, "Көрсермендерге сұрақ" айдарында залға жиналған көпшіліктің білімдерін сыңға салынып, оқ бойы озып

жинақтары табыс етілді. Сайыс соңында үш команда бірауыздан 180 мың қаржылай сыйлықты көмекке аса мұқтаж сырқат екі бұлдірінің еміне беретін боп келісті. Қайырымды іс жасау кай кезде де құптарлық, қуантарлық ісі. Әріптестеріміздің жеңісті күндері көп болсын!

Социальная политика

ЗАБОТА О ЗДОРОВЬЕ РАБОТНИКОВ



Система сохранения жизни и здоровья работников, требует от специалистов, так или иначе связанных с вопросами обеспечения профессиональной безопасности на производстве, серьезной подготовки и знаний в самых разных областях: правовой, инженерной, социальной, санитарно-гигиенической, медицинской и так далее.

В связи с этим, по инициативе АО «НК «КазМунайГаз» на базе АО «Манғыстаумұнайгаз» состоялся тренинг по повышению квалификации, по теме - «Профтопология и аттестация рабочих мест». Обучающий цикл в выездной форме проводил ТОО «Медицинский центр охраны здоровья» в лице профессора М.Б. Отарбаевой.

В рамках данного мероприятия приняли участие представители дочерних и зависимых организаций АО «НК «КазМунайГаз» - АО «Манғыстаумұнайгаз», АО «КазТрансОйл», АО «Эмбаумұнайгаз», АО «Озенмұнайгаз», ТОО «Oil Services Company» и др.

Как известно, высокие показатели травматизма, аварийности и недостаточно действенные механизмы по снижению травм и аварий становятся препятствием на пути обеспечения конкурентоспособности предприятий при вступлении РК в ВТО, так как аварии и травмы отвлекают значительные ресурсы из производственной сферы. Промышленная безопасность относится к числу достаточно консервативных областей деятельности человека, но изменившиеся условия и характер производств требуют преобразования промышленной безопасности, которые регулируются не только рыночными отношениями, но и законами в области безопасности производства.

Охрана здоровья и безопасность жизнедеятельности на производстве достигаются научным анализом условий труда, технологических процессов, аппаратуры и оборудования. На основе такого анализа определяются опасные участки производства, возможные аварийные ситуации и разрабатываются

мероприятия по их устранению или ограничению последствий.

В этой связи, были обсуждены вопросы гигиены труда, вентиляции, приведены примеры по оценке травмобезопасности рабочих мест, классифицированы наиболее эффективные подходы и методы ведения работ по аттестации производственных объектов по условиям труда.

Также в ходе тренинга были озвучены основные изменения в законодательстве в области проведения обязательных медицинских осмотров, рассмотрена нормативно-правовая база связи заболевания с профессией, был представлен обзор изменений, внесенных в порядок проведения аттестации рабочих мест по условиям труда, подробно обсуждены порядок подготовки к проведению аттестации рабочих мест, особенности выбора аттестующей организации, создания аттестационной комиссии и другие вопросы. Особенно участников семинара интересовали аспекты оформления материалов аттестации и порядок проведения внеплановой аттестации рабочих мест по условиям труда.

По отзывам участников, обучение помогло им понять смысл и назначение аттестации рабочих мест, разобраться во всех его требованиях, кроме того разработать факторный анализ заболеваемости и



прогнозирование риска возникновения заболевания. Для постоянного совершенствования условий труда и для своевременного и качественного выявления по профессиональной заболеваемости необходимо, в первую очередь, постоянное обучение, повышение квалификации, во-вторых, выполнение требований законодательных актов в условиях производственной среды. По окончании семинара все участники получили свидетельство о повышении квалификации.

Считать первоочередной задачей своей организации сохранение здоровья и жизни сотрудников надо уже сегодня!

Лаборатория производственной санитарии и гигиены труда
ДТБ, ОТ и ООС



**Құрметті серіктестер,
ұжымдастар!**



Кашан да көңілге қуаныш, жүрекке шаттық сыйлайтын Жаңа жыл мерекесі құтты болсын!

Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жана үміт пен аппак арман ұялатын, ғажайып қиялдарға қол создыратын сүйікті мерекеміз. Барлығымыз бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қаламмен аттағанды қалаймыз.

«Oil Construction Company» ЖШС жаңа жылды жақсы табыстармен қарсы алуға деп айтуға болады. Жыл қорытындысы бойынша компания мұнай-газ кәсіпорындарының нысандары мен ғимараттары құрылысы және қайта құрылымдау, жаңғыртуының күрделілігі әртүрлі 40-қа жуық жобасын жүзеге асырды.

Бұл «Oil Construction Company» ЖШС қызметкерлерінің қажырлы еңбегі, шыдалған жері, құрылыс-монтаждау ісіндегі зор тәжірибесі мен біліктілігінің және мақсаты да, ұстанған бағыты да бір, мүдделес өндірістік кәсіпорындардың өзара үйлесімді қоян-қолтық еңбегінің жемісі.

Әрі қарай да «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік саясатын жүзеге асыру үшін ынтымақтастық, өзара түсіністік пен ауызбіршілік жағдайында ұтымды еңбек ете береміз деген сенімдемін.

Ортақ мақсатқа, бір мүддеге жұмылған Серіктес ұйымдардың ұжым мүшелері үшін Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын!

Жаңа жыл мол табысымен келсін! Айдан аман, жылдан есен болып, әр қызметкердің отбасында шаттық пен береке орын алғай!

Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша ұжымдастарымызға бейбіт өмір, тыныштық, мол жақсылық тілеймін.

Ізгі тілекпен,

С. Әбденов
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Вице-президенті -
«Oil Construction Company» ЖШС
директоры

Өнеге жақсы болса, өріс кеңейеді



Бұл, әрине, тәртіп мәселесі, - деді маған Кішкентай ханзада кейінгірек. Таңертең ұяқпадан тұрып, жуынып-шайынды болған соң, планетаңыз ретке келтіруге қолы керек.

Антуан де Сент-Экзюпери
«Кішкентай ханзада»



Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күні – 1 желтоқсанда «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әкімшілік-басқару қызметкерлері орталық кеңсе ғимаратының ауласы және іргелес жатқан аумақты тазалау жұмыстарын жүргізді.

Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында «Бұл арада мен әрбір қазақстандық өзінен бастауы керек: өзінің үйінен, қаласынан, ауылынан бастауы, өзінің денсаулығы мен өмір сүру салты туралы ойлануы керек екенін баса айтқым келеді. Мұнсыз ешқандай жана өмір сапасы орнамақ емес. Әрбір ауыл мен қала тазалықтың, көркеюдің, тәртіптіліктің үлгісіне айналуы керек», - дегуі тегін емес.

Компания директоры С.Әбденовтің бастауымен барлық қызметкер бір отбасы мүшелеріндей ауланы күзгі түскен қалың жапырақтан арылтып, қысық ағаштарды кесіп, ретке келтіруге жұмыла кірісіп, көп шаруаны еңсеріп тастады. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болатыны белгілі,

қыстың көзі қырауда деп қарап отырмай, күн райының сал де болса қолайлы кезін пайдаланып, іс бітіріп жатқан ұжым мүшелерінің де көңіл-күйі көтеріңкі. Кез келген алып құрылыс кішкентай қарекеттен басталатынын білетін қызметкерлер өздері қызмет ететін ғимарат маңын аула сыпырушының ғана міндеті деп қарамай, қожайын ретінде шаруаға ұқыпты қарау қажеттілігін көрсете білді.

Тынысы да, ырысы да бір ұжым жұмыс орындары мен кәсіпорын ғимараттары орналасқан аумақтарды абаттандыру – компания абыройы, оның жақсы имиджі екенін жақсы түсінеді. Қаламқас, Жетібай кен орындарында, Ынтымак кентіндегі өндірістік бөлімшелер аумағында да жоспарлы түрде санитарлық тазарту жұмыстары жолға қойылды.

Ынтымағы мен ауызбіршілігі бұзылмай, сайын даламызда ел қазынасын игеруге үлес қосып жүрген мұраты бір, қуаты бір еңбеккер ұжымның мәртебесі биіктеп, өсе берсін, өркендей берсін!

А.Есбосын
«Oil Construction Company» ЖШС

Жаңа жыл құтты болсын!

Санаулы күндерден кейін біз жаңа – 2017 жылға қадам басамыз. Жаңа жыл – бәріміз ақ пейілмен асыға күтетін айрықша мереке. «Өткен жылға өкпе жоқ, жана жылдан үміт көп» дейді халқымыз.

Аттанғалы тұрған 2016 жыл мұнайшылар үшін мерейлі жыл болды. Өйткені Жетібай кен орнының ашылуының 55 жылдығы мен Жетібаймұнайгаз өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жылдық мерекелері тойланып, көптеген мұнайшылардың еңбектері еленіп марапатталды. Сонымен қатар халқымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздіктің 25 жылдық белесіне шықты. Бұл біздің тарихы тереңге тартқан халық екенімізді айғағы.

Өтіп бара жатырған жыл жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқаны, ең бастысы бейбітшілік пен татулықтың арқасы деп білемін.

Елдегі дағдарысқа карамастан «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2016 жылы өздеріне міндеттелген тапсырыс берушілердің, соның ішінде «Манғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан берілген жұмыстарды сапалы, межелі уақытында орындап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, бүгінгі күнде Қазақстанның экономикасының дамуына өз үлесін қосып келеді. Осы уақытша қиындықты артқа тастап, қарқынды еңбектің, мұнайшылардың күніз – түні тапжылмай еңбек етуінің арқасында «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің алар биіктері, асар асулары көп боларына сенемін.



**Құрметті мұнайшылар,
қадірменді достар!**

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2017 жылмен кіршіксіз көңіл, ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Жаңа жыл – жаңа үміттер мен жаңа жоспарлар. Сіздерге жана жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл жыл жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылықтар әкелсін.

Әрбір адам жаңа жылдан көп жақсылық күтеді, жана жылға көп үміт артады. Өткенге риза болып, жана жылға бәріміз таза ниетпен, нық қаламмен аттайық. Жаңа жылда жаңа табыстарға жете берейік! Еліміз аман, іргеміз бүтін, жұртымыз тыныш болсын! Жаңа 2017 жыл құтты болсын!

М. Масатов,
«Oil Services Company» ЖШС
директоры



Құрметті әріптестер!

2016 жылы Серіктестігіміз тапсырыс берушілердің жұмыстарын сапалы және уақытылы орындап жақсы көрсеткіштерге жетті. Жылдық жоспарымыз орындалып, мекемеміз ескі жылды елеулі еңбек жетістіктерімен шығарып салуда. Қиыншылықтардың барлығына да карамастан осы күнге дейін әлеуметтік төлемдердің барлығы үздіксіз төленді. Қазіргі күні Серіктестіктің әлеуметтік шығындары 259 885 114 теңгені құрайды. Соның ішінде 29 685 600 теңге 279 балаларымыздың жазғы сауықтыру демалыс орнында демалуына бөлінген болса, 33 354 295 теңге дүниеге келген 242 сәбиімізге жұмсалды, жанадан отау құрған 23 қызметкерімізге 2 195 235 теңге көлемінде ақшалай қаржы бөлінді және бұдан басқа да ұжымның әлеуметтік қажеттіліктеріне қомақты қаржы жұмсалды. Мекемеде тұрақтылықтың, жұмыс орындарының сақталуына барлық күш-жігерімізді салаудамыз. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай мекемемізде алғаш рет «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен бүкіл еншілес компаниялар қатысқан «Үздік маман» шеберлік конкурсы жоғары деңгейде өтті, сонымен қатар мекемеде спорттық сайыстар да болды. Бұл біздің ұжымның қажырлы еңбегі мен ырысты ынтымағы арқасында қол жеткізген жетістігі.

Құрметті әріптестер!

Сіздерді алда келе жатқан жана жылдарыңызбен шын жүректен



құттықтаймын! Бәріміз еліміздің өркендеуіне зор үлесімізді қосып, алға қойған мақсаттарға қол жеткізудеміз! Мекеме мәртебесін өсіретін екпінді еңбектеріңізге еселі табыс тілеймін. Отбасыларыңызға құт-береке, бастарыңызға амандық, жана жылда басталар барлық істеріңіз бен бастамаларыңыз сәтті де, табысты болғай. Жаңа жыл барша елге тыныштық, бірлік, қуаныш әкелсін!

Ізгі тілекпен,

Б. Ахбелов,
«Oil Transport
Корпорейшн» ЖШС
директоры



Тәуелсіздікке тарту

КӨШЕТ ЕККЕН - КӨРКЕЙТЕР АЙНАЛАНЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар Кеңесі өтіп бара жатқан 2016 жылды біраз игі істерімен шығарып салуда. Қайырымдылық акцияларын, мәдени-спорттық шараларын, қоғаландыру-абаттандыру жұмыстарын ұйымдастырып жүрген Мұнайшы жастар Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін «Ақбота» демалыс саябағында 25 жылдыққа 25 көшет отырғызу арқылы атап өту бастамасын көтерді.



Бұл акцияға жас мамандармен қоса аға буын өкілдері де бар ынтығыммен қатысты. Өзіміздің ақшаққан Ақтауымызды абаттандыруға қосқан үлесі ретінде мұнайшылар саябақта айленд, катальпа ағаштарын екті.

— Мерейлі мереке алдында жақсы іске жұмылып, шарапаты мол шараға атсалысуды ұйғардық. Арада жылдар өткеннен кейін көшеттеріміз өсіп, айнала жасыл желекке айналып, тұрғындар саясында демалып отырады деген сенімдемін. Қоғаландыру, абаттандыру жұмыстарын алдағы уақытта да жастар күшімен жалғастырақ деген ойдамыз. Барша



қазақстандықтарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, отбасыларына амандық, бақ-береке тілеймін!, — дейді «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқармасының газ өндіру цехының машинисті Әбдіслам Наурызбаев.

Тәуелсіздікке тарту болған бұл экологиялық акцияның мақсаты - туған

жерге деген құрмет. Осы арқылы әріптестеріміз қоршаған ортаны қорғап, басқаларға үлгі етті. Себебі, отансүйіштік, туған елге деген сүйіспеншілік игі істер арқылы көрінуі керек.

Осындай игі іс-шараларды жиі өткізу ұжыммыздың салт-дәстүріне айналған көңілімізді қуантады.

Болашақта «Ақбота» саябағында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мұнайшыларының аллеса ашылса, нұр үстіне нұр емес пе?!

С.Ғалиуллин

Қайырымдылық

ІЗГІЛІК ШЫРАҒЫ

Жесірін жатқа бермеген, жетімін жылтпаған қазақи қасиет біздің замандастарымызға да тән. Денсаулығы нашар, туғанынан сал болып туылатындар немесе әр түрлі жағдайдан туындаған тосын оқиғалардан жастайынан мүгедек балалар саны күн санап көбеюі жанға батағын жөйт.

Тағдырдың талайына тап болған жандарға қаржылай көмектесіп, жазылып кетсем деп армандайтын бүлдіршіндердің санын азайтуға септігін тигізер қандай іс-шаралар жасасақ болады дейтін иманды азаматтар мен азаматшаларды кезіктіргенде, өз ұжыммыздан да осындай жаңы жайсаң қызметкерлеріміздің барына, Аллаға сансыз шүкір дейсің!

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқарма бастығы Жолдасбек Ешмановқа Жетібай селосы Жаңақұрылыс көшесі, 90-1 үй тұрғыны Мыңжас Баймағанбетовтың қамқоршысы Жансәуле Аманбаевадан 2010 жылы жол апатынан анасы мен екі бауырынан айырылған Мыңжастың Мәскеу қаласындағы білікті емдеу орталықтарында үшінші рет ота жасатуға көмек

сұрап жазған өтініш-арызы түскен болатын. Бұл жанайқай шікімді де бейжай қалдырған жоқ. Мыңжастың қиын халіне жанашырлық танытқан барша «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы жұмысшы-қызметкерлері өз мүмкіндіктеріне қарай айлық жалақысынан 724000 қаржы жинап, Баймағанбетов Мыңжастың кезекті отасына қаржылай көмек көрсетті. Басқарма басшылығы Мыңжас пен әжесі Жансәуле аяпаймен кездесіп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Алтайұлының қолдау-демуіні жеткізді, қаржы аударысын деген бұйрығын көрген Жансәулеге көз жасын жасыра алмай, барлық ұжым қызметкерлеріне өз алғысын білдірді. Олардың ыстық ықыласы мен үміт отымен суәуленген жайдары жыныс қарап, Мыңжастың көз жанарын орынына келуіне кішікене болсада септігіміз тигеніне, оның бір арманын жүзеге асырғанды біз де мәресіре болдық. Өзгеге қуаныш сипау - нағыз бақыт екенін бір кісідей ұғындық.



Лайым, жетімдер жылаамасын, әрбір жанның жүрегіндегі мейірімділік жоғалмасын, изгіліктің шырағы сөнбесін деп тілейміз. Оң қолмен жасағанды сол қол көрмесін дейді. Дегенмен де «Жақсылық жасаудан өз ара жарысыңдар» (Бақара сүресі) демекші, әріптестер, сауапты істен құр қалмаңыздар! Жұмыла көтерген жүк жеңіл, мүмкіндігі шектеулі бала-ларға қолдау көрсетейік, қолымыздан келгенше қол ұшымызды берейік!

Ж.Орамағанбетова,
«Жетібаймұнайгаз» ӘБ
әлеуметтік-шаруашылық бөлімі
менгерушісі

ПОМОЩЬ ВСЕГДА ПРИДЕТ

Коллектив АО «Маңғыстаумұнайгаз» не остался равнодушным к тяжелой жизненной ситуации, в которую попали наши земляки – семья Акшабаевых и Горячевых. Напомним, Алдабергенов Акшабаеву требовались средства для лечения 8-летней дочери, страдающей от ДПП, а сыну-инвалиду Горячевой необходимо было пройти реабилитацию в неврологическом центре в Актобе. В надежде собрать необходимые средства для лечения детей родители обратились во все инстанции, в том числе и в нашу компанию.

Отрадно отметить, что коллектив АО «Маңғыстаумұнайгаз» мгновенно откликнулся на призыв о помощи – никто не остался равнодушным, причем предлагали не только деньги, например, наш коллега (работник ГО ЧС ПУ ЖМТ) предложил детям ежедневный лечебный массаж. А победители и призеры интеллектуальной игры Брейн-ринг (команды ПУ «Қаламқасмұнайгаз», ПУ «Жетібаймұнайгаз» и АУП АО «Маңғыстаумұнайгаз») единодушно решили передать весь призовой фонд в помощь тяжелобольным детям. В общей сложности усилиями коллектива было собрано 446 000 тенге. Эти средства были разделены поровну и 22 декабря переданы родителям детей – Алдабергенов Акшабаеву и Елене Горячевой.

Помощь пришла как нельзя кстати, - Алдабергенов как раз собирался везти ребенка на операцию, а у Елены Анатольевны недавно мошенники под видом оказания помощи узнали персональные данные банковской карточки и сняли все деньги.

Эти, в общем-то, простые люди, которые столкнулись с жизненными трудностями, не могли сдержать слез и просили передать всем, кто откликнулся не призыв о помощи, огромные родительское спасибо.

- Большое спасибо коллективу АО «Маңғыстаумұнайгаз» за оказанную помощь, - сказал Алдабергенов Акшабаев. - Пусть Всевышний хранит вас и ваших детей!

- Вы и ваши коллеги проявили акт милосердия и сострадания к незнакомым детям, - в свою очередь, отметила Елена Горячева. - Это Поступок с большой буквы. Вы не просто оказали материальную помощь – вы подарили детям радость, надежду и веру! Желаю вам и вашим близким крепкого здоровья, личного счастья, дальнейшего процветания и побольше тепла на вашем жизненном пути!

Г.Әбдісадық

КЕҢ БОЛСАҢ, КЕМ БОЛМАЙСЫҢ

Жанжылалды күндер ерекше есте қаларлық оқиға-шараларға қанық. Өткен сенбі күні жас мамандар Кеңесі Қайырымдылық Күнін өткізді.

Шара таңертеңгісін Ақтау қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі берген аз қамтылған жанұялар тізімінде тұрған 7 мүжәліс отбасыға қайырымдылық көмек жасаудан басталды. Өрбір жанұяға, ұн, секер, тұз, шай, тауық еті, өсімдік майы секілді аса қажетті азық-түлік өнімдері бар жалпы құны 27 000 тенге болатын азық-түлік қоржыны табысталды. Тағдырдың талкегіне түсіп, турмыстың зардабын тартып жүрген қамқонілі жандар көздеріне жас алып, жас мұнайшы мамандардың

қайырымды шарасына шексіз ризашылығын білдірді.

Түстен кейін – қарттар мен мүгедектерге арналған интернет-үйін паналаған ата-әжелеріміздің көңілін аулауға арналған қайырымдылық концерті болды. «Ел іші – өнер кеніші» демекші, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «ҚазМұнайГаз» АҚ компаниялар тобы шеңберіндегі Астана, Ақтөбе қалаларында өткен концерттік шараларға қатысып, әбден мыңдалған жас мұнайшы-өнерпаздар кәсіби сахна тарландарынан еш кем түспегендей. Шынайы сезіммен көмкеріліп, нақышына келтіріліп орындалған әсем ән мен тәтті күй құлақтан кіріп, бойды алып



жатты. Тыңдарманды еріксіз елітіп, бірде терен ойға шомылтып, бірде ырғақты биге тартты. Концерт соңы жастар тарту еткен тәттілермен шай ішуге ұласып, емен-жарқын жүзесу ақсақалдардың ақ батаамасын тарқалды.

Әрбір адам баласының тапқан нәпақасының ішінде жоқ-жітіктің үлесі бар екен, содан болар аталарымыз да, асыл дініміз Исламда да «Алған қолдан берген қол қайырлы» деп жатады. Әлбетте, бұл тіршіліктің қарапайым қағидасы, жоқты толытырудың бір жолы. Осы қағиданы ұстанып жүрген барлық ұжымдастарымызға және қайырымдылық концертіміздің сәтті өтуіне өлшеусіз үлес қосқан қаражанбақтық Марат Мәмбетов пен «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС қызметкері Жаналық Бисенқұлға ерекше алғыс айтамыз. Өрбір ісіміз қайырлы болсын!



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова,
С.Ғалиуллин, Е.Қоңақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел.:
215-267, 211-230
212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күлгілі берілген

Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
кезқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютер-
ліктері тіріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«АТIS» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
17 ш.а.
тел.: 525500